

**УДК 343.43**

**И.К. Бошимкулова** заң ғылымдарының магистрі  
Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ., Қазақстан Республикасы)  
E-mail: direct-export@mail.ru  
**П.О. Жаменкенова** заң ғылымдарының магистрі  
Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ., Қазақстан Республикасы)  
E-mail: adamova\_p1984@mail.ru

**Кәмелетке толмағандар саудасының және баланы ауыстырудың  
криминалистикалық сипаттамасы**

***Аңдатпа.** Жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мемлекет қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Ал адам құқықтарын қорғау баланың құқықтарын сақтаудан басталады, ол өзінің физикалық және ақыл-ой жетілмеуіне байланысты мемлекет пен қоғам тарапынан ерекше қамқорлық қажет етеді. Қазақстан Республикасының 1990-шы жылдардағы терең экономикалық дағдарыспен қатар жүретін нарықтық экономикаға көшуі әлеуметтік құрылымның дәстүрлі салаларына: жұмысқа, отбасына, білім беруге кері әсерін тигізді. Осының салдарынан Қазақстан және ТМД – ның басқа да бірқатар елдері шетел азаматтарының асырап алуы үшін оларды шет мемлекеттерге жеткізетін балаларды экспорттаушы елдерге айналды. Кәмелетке толмағандардың сатылуы болып табылатын шет ел азаматтарының ТМД мемлекеттерінің балаларын асырап алудың көптеген фактілері қорғанышы және қамқоршы органдардың, басқа да мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары тарапынан қылмыстық – пайдакүнемдік сипатын жиі куәландырады.*

***Түйін сөздер:** құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, қылмыс, криминалистикалық сипаттама, баланы ауыстыру, тараптар.*

Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы түсінік категориясы ретінде және жалпы криминалистикалық теорияның бір элементі болып табылып, көптеген дискуссиялық сұрақтар туғызып отыр.

Алғаш рет «криминалистикалық сипаттама» терминін Л.А. Сергеев [1] пен А.Н. Колесниченко [2] өз жұмыстарында 1966-1967 жылдарда қолданған. Алайда, бұл ұғымның толық анықтамасын олар берген жоқ.

Біздің пікірімізше, қылмыстық істегі криминалистикалық сипаттама және дәлелдеу пәні жақын санаттар болса да, бір-бірімен бәсекелеспейді, себебі олардың міндеттері әртүрлі болып табылады.

Дәлелдеу пәні заңда көзделген және қылмыстың түрі мен ерекшелігіне қарамастан қылмыстық істе дәлелденуге жататын мән-жайлар тобын құрайды.

Дәлелдеу пәні Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде және сот талқылауы процесінде күдікті адамға айып тағуға болатын міндеттерді алдыға қояды. Сондықтан да дәлелдеу пәні қылмыстың құрамдас бөлігі емес, тергеу жүйесі болып табылады [3].

Криминалистикалық әдебиеттерде криминалистикалық сипаттама мен қылмыстың механизмінің арақатынасы туралы көптеген ғалымдар өз пікірлерін айтады. Атап айтқанда, А.А. Шнайдер жиырма жыл бұрын криминалистикалық сипаттаманың мазмұны криминалистика пәнінің шегінен шықпауға, яғни қылмыс механизмінің заңдылықтарын сипаттауға сәйкес келуі тиіс екеніне назар аударған [4].

Әрине, криминалистикалық сипаттаманың практикалық маңыздылығы туралы айта келе, егер криминалистикалық сипаттаманы нақты қылмысты тергеуге және ашуға дайын үлгі ретінде қарастырса, ол өте жоғары болғанымен келіспеу қиын.

Кез келген қылмыс оның криминалистикалық зерттеу тұрғысынан алғанда жеке, тек сол қылмысқа ғана тән белгілері бар.

Алайда жоғарыда мазмұндалғандар қылмыстың криминалистикалық сипаттамасын тергеу жұмысында практикалық қолдану арқылы бірыңғай жүйе ретінде жасаудың мүмкін еместігін білдірмейді. Бірқатар криминалист-ғалымдардың пікірінше, белгілі бір жүйе ретінде қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының негізгі кемшілігі оның элементтері арасында корреляциялық тәуелділіктің болмауы болып табылады: мысалы, корреляциялық өзара тәуелділікті сипаттаудың мәселелігі зерттелетін объектінің бірыңғай жүйесін құрғызбайды.

Біздің ойымызша, мұндай мәселелер қылмыстың үлгілік криминалистикалық сипаттамасын құру кезінде қылмыстың барлық бөлшектеріне қатаң корреляциялық тәуелділікті орнатуға тырысатын жағдайларда туындайды.

Микрокөлемдері немесе бөлшектері бойынша қылмыстарды зерттеу оны одан да жеке дара етеді және қылмыстардың жалпы жүйесіне қосу үшін үлкен қиындықтарға әкеп соғады, ал мұнда ортақ өзара корреляциялық байланыстар мен олардың жүйелілігін табуға болады

Микрокөлемдері бойынша қылмысты зерттеу оны жекелейді және қылмыстардың жалпы жүйеге жалпы өзара корреляциялық байланыстар мен олардың жүйелілігін табуға болатын түрін енгізу үшін үлкен қиындықтарға соқтырады [6].

Алайда қылмыстық іс-әрекет жағдайларының әр түрлі нұсқаларымен бір-бірімен өзара байланысты элементтердің жалпы жүйесін жасаудың мүмкін еместігі туралы айтуға болмайды.

Криминалистикалық сипаттаманың мәні мен мазмұнын түсінуде бірқатар жалпы көзқарастар бар екеніне қарамастан криминалистикада криминалистикалық сипаттаманың ұқсас анықтамалары әртүрлі, сондай-ақ оның құрылымының элементтері туралы да бірыңғай түсінік қалыптасқан жоқ. Бұл мәселеге ғалымдар мен практиктердің көптеген жұмыстары арналған. Сондықтан да біз осы мәселе бойынша ғылыми ізденістерді жан-жақты баяндауды мақсат етіп қоймаймыз, біздің ойымызша, осы мәселе бойынша ең қолайлы көзқарасқа қосылуға мүмкіндік береміз.

Қылмыстың жеке белгілері қылмыстық іс-әрекеттің тәсілі мен тетігінде, оның жасалу жағдайында айқын көрінеді, себебі олар жасалған қылмыс, оның субъектісінің жеке басы және өзге де мән-жайлар туралы түсінік береді.

Осы жағдайда баяндалғандарды есепке ала отырып, типтік криминалистикалық сипаттаманы «қылмыс түрінің, түрлерінің, топтарының, ең алдымен олардың жасалу тәсілі, механизмі мен жағдайы, олардың субъектісінің жеке басы және қылмыстың сипатталатын түріне тән өзге де элементтер, олардың арасындағы корреляциялық байланыстар мен өзара тәуелділікті ашып көрсету арқылы, оларды білу сипаттаманың мазмұндық жағынан жиынтығында қылмыстың табысты ашылуын қамтамасыз ететін криминалистикалық маңызды белгілердің ғылыми сипаттамасының жүйесі» деп анықтаған жөн [7].

Осылайша, «криминалистикалық сипаттама» құрылымы өте күрделі, және де қылмыстың жекелеген түрлері мен топтары үшін толық көлемде бірдей емес. В.В. Радаев әділ атап өткендей, криминалистикалық сипаттаманың құрылымдық элементтерінің мазмұны қандай да бір санаттағы қылмыстардың ерекшелігімен спецификасымен анықталады [5].

Мәселен, криминалистикалық қажеттіліктерді есепке ала отырып, криминалистикалық сипаттаманың элементтері қылмыстық қол сұғушылықтың тікелей объектісі мен мәні, қылмыс субъектісі мен жәбірленушінің жеке ерекшеліктері, ұйымдасқан қылмыстық топтың ерекшелігі, жеке іздер мен тағы басқа пайда болу механизмінің ерекшеліктері болуы мүмкін.

Сондай-ақ, жасалған қылмыстардың түрі мен кінәнің нысанына байланысты сол бір элементтердің әртүрлі маңызы болуы және басты, екінші дәрежелі, бастапқы немесе туынды болуы мүмкін екенін атап өткен жөн.

Біздің зерттеуіміздің мәні, тектік нысанды негізге ала отырып, жеке тұлғаға қарсы қылмыстар болып табылатындықтан, кәметке толмаған балаларды сатуға және баланы ауыстыруға байланысты қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының басты элементтерінің бірі кәметке толмаған жәбірленушінің жеке басын да есептеу керек.

Аталған қылмыстар үшін криминалистикалық сипаттаманың бұл элементінің маңыздылығы, сондай-ақ оны зерттеу кәметке толмаған жәбірленуші мен қылмыскердің арасындағы байланыстардың бар-жоғын және сипатын анықтауға мүмкіндік береді (әдетте, бұл жәбірленушінің қылмыскерге байланысты қарым-қатынасы немесе өзге де тәуелділігі), қылмыс жасау мақсатына, уәжіне, тәсілі мен жағдайына айтарлықтай әсер етеді.

Аталған топтағы қылмыстардың негізгі бөлігін балалар саудасы мен халықаралық асырап алу үшін құрылған ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қылмыстық ұйымдар жасайды.

Тек бір қылмыстық істің материалдары бойынша қылмыстық ұйым жасаған жаңа туған нәрестелерді шетелге сатудың 6 фактісі тергеумен анықталған. Сондықтан біз ұйымдасқан қылмыстық топтардың ерекшеліктерін және кәметке толмағандар саудасының криминалистік сипаттамасы мен баланы ауыстыру элементтерінің бірі ретінде қарастыруымыз қажет.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біздің пікірімізше, аталған қылмыс тобының криминалистикалық сипаттамасының құрылымы келесі элементтерді қамтиды деп санаймыз:

- 1) жәбірленушінің жеке басы туралы деректер;
- 2) қылмыскердің жеке басы туралы деректер;
- 3) қылмыс жасау тәсілі туралы деректер;
- 4) қылмыс жасау жағдайы туралы деректер;
- 5) қылмыстың себептері мен мақсаттары туралы деректер;
- 6) кәметке толмағандармен сауда жасайтын ұйымдасқан қылмыстық топтардың ерекшеліктері және баланы ауыстыру туралы деректер;
- 7) зерттелетін қылмыс тобының өзара және басқа да қылмыс түрлерімен байланысы туралы деректер [8].

Жәбірленушінің жеке басы туралы деректер. Мұндай деректер жәбірленушілер бар барлық қылмыстардың криминалистикалық сипаттамаларында маңызды орын алады.

Жәбірленушінің жеке басының құрылымы мен мазмұны туралы көзқарасты криминалистикалық сипаттаманың элементі ретінде талдап, кәметке толмағанды сату және баланы ауыстыру туралы қылмыстық істерді зерделеу нәтижелеріне сүйене отырып, біз кәметке толмаған жәбірленушінің жеке

басын аталған қылмыстардан зерделеу кезінде келесі мәліметтерді жинау қажет деген қорытындыға келдік:

1) әлеуметтік-демографиялық белгілер (жынысы, жасы, ұлты, әлеуметтік шығу тегі, білімі, әлеуметтік мәртебесі, тұрғылықты жері); адамгершілік қасиеттер (мүдделер мен қажеттіліктер, құндылық бағдарлары мен өмірлік үміттері, түрлі әлеуметтік және моральдық құндылықтарға қатынасы, бейімділік, әдеттер); психологиялық қасиеттері мен ерекшеліктері (ақыл-ой дамуының деңгейі, интеллект, эмоционалды, ерік қасиеттері, темперамент);

2) жәбірленушінің, оның ата-аналарының, асырап алушылардың және т. б. тұрмыс салты мен байланыстары (жеке, туыстық, тұрмыстық) туралы деректер;

3) виктимділік белгілері (аморальды, қауіпті мінез-құлық, немқұрайлылық және т.б.). Кейбір жағдайларда ата-аналардың, асырап алушылардың мінез-құлқы және т.б. орын алуы мүмкін.

Біз ұсынған жәбірленушінің жеке басы сипаттамасының ақпараттық құрылымы оның жасына байланысты өзгеруі мүмкін. Мысалы, егер қылмыс жаңа туған балаға қатысты жасалса, онда оның мінездемесінде жаңа туған балаға тән емес белгілер туралы мәліметтер болмайды.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Сергеев Л.А. Расследование и предупреждение хищений, совершаемых при производстве строительных работ: Автореф. дисс. ... канд. юрид. наук. – М., 1966. – 16 с.

2 Колесниченко А.Н. Научные и правовые основы расследования отдельных видов преступлений: Автореф. дисс.... д-ра юрид. наук. – Харьков, 1967. – 42 с.

3 Яблоков Н.П. Криминалистическая характеристика преступлений – важный элемент криминалистической теории и практики // Актуальные проблемы криминалистики на современном этапе. – Краснодар, 2002. – С. 25-31.

4 Шнайдер Л.А. Криминалистическая характеристика подделки документов // Криминалистическая характеристика преступлений: Сб. науч. труд. – М., 1984. – С. 102-104.

5 Радаев В.В. Криминалистическая характеристика преступлений и ее использование в следственной практике: Лекция. – Волгоград, 1987. – 65 с.

6 Халиков А. Вопросы криминалистической характеристики преступлений в практике расследования уголовных дел // Уголовное право. 2006. - № 1. – С. 117-119.

7 Криминалистика: учебник / Отв. ред. Н.П. Яблоков. – М., 2005. – 781 с.

8 Нургалиев Б.М. Организованная преступная деятельность: Монография. – Караганда: КВШ ГСК РК, 1997. – 198 с.

### REFERENCES

1 Sergeev L.A. Rassledovanie i preduprezhdenie hishchenij, sovershaemyh pri proizvodstve stroitel'nyh rabot: Avtoref. diss. ... kand. yurid. nauk. – M., 1966. – 16 s

2 Kolesnichenko A.N. Nauchnye i pravovye osnovy rassledovaniya otdel'nyh vidov prestuplenij: Avtoref. diss.... d-ra yurid. nauk. – Har'kov, 1967. – 42 s.

3 YAblokov N.P. Kriminalisticheskaya harakteristika prestuplenij – vazhnyj element kriminalisticheskoy teorii i praktiki // Aktual'nye problemy kriminalistiki na sovremennom etape. – Krasnodar, 2002. – S. 25-31

4 SHnajder L.A. Kriminalisticheskaya harakteristika poddelki dokumentov // Kriminalisticheskaya harakteristika prestuplenij: Sb. nauch. trud. – M., 1984. – S. 102-104.

5 Radaev V.V. Kriminalisticheskaya harakteristika prestuplenij i ee ispol'zovanie v sledstvennoj praktike: Lekciya. – Volgograd, 1987. – 65 s.

6 Halikov A. Voprosy kriminalisticheskoy harakteristiki prestuplenij v praktike rassledovaniya ugolovnyh del // Ugolovnoe pravo. 2006. № 1. – S. 117-119.

7 Kriminalistika: uchebnik / Otv. red. N.P. YAblokov. – M., 2005. – 781 s.

8 Nurgaliev B.M. Organizovannaya prestupnaya deyatel'nost': Monografiya. – Karaganda: KVSH GSK RK, 1997. – 198 s.

### RESUME

**I.K. Boshimkulova**, master of laws

*Innovative University of Eurasia (Pavlodar, Kazakhstan Republic)*

*E-mail: direct-export@mail.ru*

**P.O., Zhamenkenova**, master of laws

*Innovative University of Eurasia (Pavlodar, Kazakhstan Republic)*

*E-mail: direct-export@mail.ru*

### ***Criminalistic characteristics of trafficking in minors and substitution of a child***

*Protection of the rights and legitimate interests of the individual is one of the main activities of the state. And the protection of human rights begins with respect for the rights of the child, who, because of his physical and mental immaturity, needs special care from the state and society. The transition of the Republic of Kazakhstan in the 1990s to a market economy, accompanied by a deep economic crisis, had a negative impact on the traditional spheres of social structure: work, family, education. As a result, at that time Kazakhstan and a number of other CIS countries turned into exporting countries of children, supplying them to foreign countries for adoption by foreign citizens. Numerous facts of adoption of children-citizens of the CIS countries by foreign citizens, which are essentially the sale of minors, often indicate a criminal and mercenary nature on the part of officials of guardianship and other state bodies.*

**Key words:** *protection of rights and legitimate interests, crime, forensic characteristics, substitution of the child, the parties.*

### **РЕЗЮМЕ**

**И.К. Бошимкулова** магистр юридических наук  
Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар, Республика Казахстан)

**П.О. Жаменкенова** магистр юридических наук  
Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар, Республика Казахстан),

### ***Криминалистическая характеристика торговли несовершеннолетними и подмены ребенка***

*Защита прав и законных интересов личности является одним из основных направлений деятельности государства. А защита прав человека начинается с соблюдения прав ребенка, который ввиду своей физической и умственной незрелости нуждается в особой заботе со стороны государства и общества. Переход Республики Казахстан в 1990-е гг. к рыночной экономике, сопровождающийся глубоким экономическим кризисом, негативно отразился на традиционных сферах социальной структуры: работе, семье, образовании. Вследствие этого в то время Казахстан и ряд других стран СНГ превратились в страны – экспортеры детей, поставляющие их в зарубежные государства для усыновления иностранными гражданами. Многочисленные факты усыновления иностранными гражданами детей–граждан государств СНГ, являющиеся, по сути, продажей несовершеннолетних, нередко свидетельствуют о преступно-корыстном характере действий должностных лиц органов опеки и попечительства, других государственных органов.*

**Ключевые слова:** *защита прав и законных интересов, преступление, криминалистическая характеристика, подмена ребенка, стороны.*